

Бүгін Дербісек ауылдық округі тұрғындарымен кездесу болып өтті. Жиналысқа аудан әкімі М.Отаршиев, мен «AMANAT» партиясынан сайланған депутаты, аудандық мәслихаттың хатшысы С.Таскулов, аудандық мәслихаттың бір топ депутаттары, ауданның дербес бөлім басшылары, ауыл билері, жергілікті қоғамдастық мүшелері, ауыл тұрғындары қатысты.

Кездесу барысында, М.Отаршиев алдымен Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы тоқталып, одан соң Сарыағаш ауданында атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады. Тұрғындардың басым бөлігі ауыз сумен қамтамасыз ету, мобильді интернет, тұрғын үй салу үшін жер учаскесін беру, жеке меншік мектептер ашу, жолға асфальт төсеу, қатты тұрмыстық қалдықтар орнына жер беру, пайдалануға берілген су ұңғымасының фильтрін тазалау және жылыжайлардың жылыту жүйесін газға ауыстыру туралы өтініштері мен пікірлерін айтты.

Аудан басшысы Дербісек ауылдық округіне қарасты Атамекен елді мекеніне ағымдағы жылы «Билайн» ұялы байланыс операторы тарапынан жоғары жылдамдықтағы базалық станциясын орнату жоспарланып, қазіргі таңда базалық станция орнатылатын жер учаскесін ресімдеу жұмыстары жүргізіліп жатқанына тоқталды. Ал Дербісек елді мекенін ауыз сумен қамтамасыз ету үшін биылғы жылға құрылыс жұмыстарына республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу рәсімдерінен кейін құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілетіндігін атап өтті.

Сонымен қатар, Дербісек елді мекенінен жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін беру үшін 70 га аумаққа инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, құрылыс жұмыстарына қаржы бөлдіру үшін облыстық бюджетке ұсынылғанын айтты.

Мәслихат хатшысы ауылдық округ тұрғындарына «Сарыағаш аудандық мәслихатының атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы» баяндама жасап, атқарылған жұмыстарға толығымен тоқталып, сонымен қатар аудандық мәслихат депутаттарының өз тараптарынан демеушілік есебінен атқарып жатқан жұмыстарымен де таныстырды. Жергілікті атқарушы орган және аудандық мәслихат алдағы уақытта да бірлесе отырып жұмыс істесек ауданымыз одан әрі дамитындығына сенімін жеткізді.

Сонымен қатар, кездесуден кейін аудан басшысымен бірге мәслихат хатшысы ауылдық округ тұрғындарын жеке өтініштері бойынша арнайы қабылдады. Қабылдауға келген ауыл тұрғынының шаруашылық жерлерге берілетін ағын су мәселесі бойынша өтінішін тыңдалып, заң аясында жауап берілді. Ауылдық округ әкімі мен тиісті мекеме басшыларына өтінішті назарға алып, заңға сәйкес оң шешу тапсырылды.